



Қазақстан Республикасы
Ұлттық инженерлік академиясының

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Национальной инженерной академии
Республики Казахстан

№ 2 (64)

Алматы
2017

<i>Джампесова Г.С., Конырбаева Ж.Т., Шолпанбаева К.Ж.</i> Шығыс Қазақстан облысының тау-кен өндірісінің дамуын талдау	54
НОВОСТИ НАУКИ И ТЕХНИКИ	64
НЕФТЕХИМИЯ И ХИМИЯ	
<i>Әбутәліп М., Спангазыева Ә. Ә., Рахметуллаева Р.К., Мун Г.А.</i> 2-гидроксиэтилакрилат негізіндегі стимулсезімтал сополимерлерді алу	67
<i>Алишева Ж.Н., Метакса А.С.</i> О механизме синтеза углеводородов (УВ) на границе раздела фаз	73
<i>Адрышев А.К., Хайруллина А.А., Даумова Г.К.</i> О возможности использования отработанных сорбентов в керамической промышленности	80
<i>Сүлейменов И.Э., Игликов И.В., Мун Г.А., Кабдушев Ш.Б., Панченко С.В., Нуртазин А.А., Габриелян О.А.</i> Макроскопическая запись информации в распределенные среды с гистерезисными свойствами	87
<i>Монтаев С.А., Шингенесиева А.Б.</i> Влияние содержания конгломератной смеси нефтяного шлама в системе «нефтешлам – барханный песок» на вспучивание лёссовидного суглинка	94
АГРОПРОМЫШЛЕННОСТЬ	
<i>Толегенов С., Толегенова Р.Ә.</i> Ауыл шаруашылығында жұмсалған шығындардың қалыптасуы	99
<i>Краузе Н.В., Алимбетов У.С., Тахтаева Р.Ш.</i> Практика применения экономических методов в управлении земельными ресурсами региона	106
ЗНАЕТЕ ЛИ ВЫ	111
ЭКОНОМИКА	
<i>Егембердиева С.М., Шалболова У.Ж., Қадырбергенова Ә.Қ.</i> Қазақстанның мұнай өндеу кешендерін кайта жаңғырту мәселелері	114
<i>Мухияева Д.М.</i> Механизм формирования инновационной стратегии национальных компаний в условиях устойчивого роста экономики	126
<i>Сагиева Р.К., Жупарова А.С., Калмакова Д.Т.</i> Наукоемкая экономика: анализ регионального потенциала	132
<i>Алина Г.Б., Мусина А.А., Джумабекова А.Т.</i> Современные тенденции развития банковского сектора Республики Казахстан: проблемы и возможности	137
<i>Бекбебетова Б., Рахметуллина Ж.Б., Рыспекова М.О.</i> Қазақстан Республикасы аймақтарының қазіргі экономикалық даму жағдайы	145

НЕФТЕХИМИЯ И ХИМИЯ

ӘОЖ 541.64

М. ӘБҮТӘЛІП, Ә. Ә. СПАНГАЗЫЕВА, Р. К. РАХМЕТУЛАЕВА, Г. А. МУН

Аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

2-ГИДРОКСИЭТИЛАКРИЛАТ НЕГІЗІНДЕГІ СТИМУЛЕЗІМТАЛ СОПОЛИМЕРЛЕРДІ АЛУ

Мақалада *N*-изопропилакриламид (НИПААМ) пен 2-гидроксиэтилакрилат (ГЭА) және акрил қышқылы (АК) негізіндеғі сывықты сополимерлерді алушмен олардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу қарастырылған. Температуранның осуімен жыныс жағдайындағы күштегіндеңігі және оның ортасынан pH-на тәуелділігі айқындалды. Сополимердегі НИПААМ-ның гидрофобты буындарының артуы фазалық ауысу температурасының төмөндеуіне, ал акрил қышқылының артуы ондағы карбоксил топтарының иондануының салдарынан термосезімталдықтың жойылуына экзелеміндегі анықталды. Сывықты НИПААМ-ГЭА-АК сополимерлерінің дәрілік заттен (гентамицин сульфаты) комплекске тұсу заңдылықтары зерттелді. Комплексіндеңігі дәрілік заттың босал шығуы ортасынан pH-на тікелей байланысты екені анықталды.

Кілттік сөздер: 2-гидроксиэтилакрилат, *N*-изопропилакриламиド, акрил қышқылы, стимулесізімтал полимер, дәрілік заттың тасымалдағыш.

Рассмотрено получение линейных сополимеров на основе *N*-изопропилакриламида (НИПААМ), 2-гидроксиэтилакрилата (ГЭА) и акриловой кислоты (АК), исследованы их физико-химические свойства. Обнаружено, что с увеличением температуры в системе повышается мутность, которая также зависит и от pH среды. Установлено, что увеличение количества гидрофобных звеньев НИПААМ в составе сополимеров приводит к снижению температуры фазового перехода, а увеличение содержания акриловой кислоты в составе сополимера – к потере термочувствительности вследствие ионизации карбоксильных групп. Изучены закономерности комплексообразования линейных сополимеров НИПААМ-ГЭА-АК с лекарственным веществом (сульфат гентамицина). Высвобождение лекарственного вещества из комплекса напрямую зависит от pH среды.

Ключевые слова: 2-гидроксиэтилакрилат, *N*-изопропилакриламиド, акриловая кислота, стимулчувствительные полимеры, доставка лекарственных веществ.

*The article describes the obtaining of linear copolymers based on *N*-isopropylacrylamide (NIPAM), 2-hydroxyethylacrylate (HEA) and acrylic acid (AA) and investigation of their physico-chemical properties. It was found that with increasing temperature in the system the turbidity increases, and it depends on the pH. It was determined that an increase in the number of NIPAAM hydrophobic units in copolymers results in a decrease of the phase transition temperature, and an increase in the content of acrylic acid in the copolymer leads to a loss of temperature sensitivity due to ionization of the carboxyl groups. The*

regularities of complexation of linear copolymers NIPAM-HEA-AA with the drug substance (gentamicin sulfate) were studied. It was investigated that the release of drug substances from complex directly depends on the pH of the medium.

Keywords: 2-hydroxyethylacrylate, N-isopropylacrylamide, acrylic acid, simulsensitive polymers, drug delivery.

Қазіргі таңда сыртқы орта параметрлерінің өзгерістеріне (температура, рН, иондық күш, электр өрісі, жарық, т.б.) байланысты қасиеттерін өзгертертін полимерлерге деген қызығушылықтың артуына байланысты стимулезімтал терполимерлерді синтездеп, қасиеттерін зерттеу алға тартылып отыр [1–5].

Ұсынылған жұмыста N-изопропилакриламид (НИПААМ, «Kohjin» фирмасының өнімі, Жапония), 2-гидроксиэтилацрилат (ГЭА, «AldriCh», АҚШ) және акрил қышқылы (АҚ, «AldriCh», АҚШ) негізіндегі сызықты сополимерлер заттық иницирлеу жолымен радикалды полимерлену арқылы алынды. Инициатор ретінде азо-бис-изомай қышқылының динитрилі колданылды. Сызықты сополимерлер дигитил эфирінде тұндырылды және ауада, сосын вакуумды шафта тұрақты массаға дейін көптірілді.

Алғынан НИПААМ-ГЭА-АҚ сополимерлерінің түрлі концентрациядағы сулы ерітінділерінің әр түрлі температурада фазалық ауысуы турбидиметриялық әдіспен зерттелді. Температура жоғарылаған сайын және концентрация өсkenде оптикалық тығыздық мәні де артатындығы аңгарылды, яғни температураның өсуімен жүйенің бұлғынғырылғы қүшесітіндігі байқалды. Температураның жоғарлауымен полимердің агрегацияға қабілеттілігі олардың құрылышындағы НИПААМ гидрофобты компоненттерінің болуына байланысты.


Сондай-ақ термосезімталдықтың рН-қа тәуелділігі анықталды. Қышқылдық ортада ($pH=3,6$) температураны жоғарылатқан сайын полимердің сулы ерітіндісінің оптикалық тығыздығы күрт өзгеретін, яғни макромолекуланың конформациясы жайылған күйден шұмақтағанға дискрепті түрде ауысатыны, сонымен катар бастапқы мономерлік қоспадағы сополимер құрамында АҚ-ның пайызы арткан сайын фазалық ауысуын үлкен температуралық аймакта өтетіні анықталды. Себебі, АҚ-н мөлшері артқан сайын, оның құрлымындағы карбоксил тобы жартылай диссоциацияланған жағдайда болады да, сополимердің макромолекуласының конформациясының жырылуына жауп беретін гидрофобты әрекетесуге қарсы, аттас зарядтардың тебісінен полизелектролиттік эффект пайда болуымен тусіндіріледі (1-сурет, а).

Ал негіздік ортада ($pH=9$) алғынан сополимерлеріміздің еш термосезімталдық қасиет көрсетпейтіні байқалды. Өйткені, негіздік ортада СПЛ құрамындағы АҚ буындарында карбоксил тобы толық диссоциацияланған жағдайда болады да, зарядтардың өзара тебісін салдарынан макромолекула жырылмайды (1-сурет, ә).

СПЛ-дегі НИПААМ-ның гидрофобты мөлшерінің артуы фазалық ауысу температурасының төмендеуіне әкеліп соктырады. Мұндай фазалық ауысуын себебі, температураны жоғарылатқанда макромолекулада гидрофобты әсерлесулер үде, сонымен катар макромолекуладағы сутектік байланыстың бұзылуына байланысты.

Сызықты НИПААМ-ГЭА-АҚ сополимерлерінің физика-механикалық қасиеттерін анықтау мақсатында термогравиметриялық талдау (ТГТ) («TGA/SDTA851, METTLER TOLEDO», Швейцария) жасалды. ТГТ тұрақты атмосфералық қысымда 30-900°C температура аралығында $10^{\circ}\text{C}/\text{min}$ жылдамдықпен азот газын қолдана отырып орын-

далды. БМҚ АҚ буындары 10% болғанда 350-450°C аралығында сополимер өзінің бастапқы салмағын жоғалтып толық ыдырайды, ал АҚ буыны 20% болғанда 380-450°C температура аралығында жоғалтады. Оның себебі, үлті кұрамында АҚ буыны аз болғандықтан, оның тігілу дәрежесінің аз болып келетіндігінен олар ыдырауга бейім болып келетіндігімен түсіндіріледі.



*I-сурет – НИПААМ-ГЭА-АҚ сополимерлерінің оптикалық тығыздығының температурага тәуелділігі.
БМҚ [НИПААМ-ГЭА-АҚ] = 35-35-30 (1); 40-40-20 (2); 45-45-10 (3) мол.%;
рН = 3,6 (а); рН = 9 (ә); [СПЛ] = 0,2%*

Дифференциалды сканерлеуші калориметр (ДСК) («NETZSCH DSC200 PC» модельді, «Perkin elmer», АҚШ) әдісімен сополимердердің шынылану температуралары зерттелді. Әдебиет бойынша гомо-НИПААМ шынылану температурысы (T_g) 85-130°C, ГЭА үшін 16°C, ПАҚ үшін 106°C тең. Бұрын соңды алынған НИПААМ-ГЭА сополимерлері үшін НИПААМ буыны 70%-да 103.45°C, ал 90% 125.22°C тең екені анықталған болатын [6]. НИПААМ буынының артуымен T_g өсуі, сополимердердің молекулалық массасының артуына байланысты, сызықты полимер тізбегінің шумакташуымен және НИПААМ буынының катандығымен түсіндірілген болатын.


Жұмыста үштік жүйе үшін де ДСК әдісімен талдау жасалды. БМҚ АҚ буындары 10% болғанда 92,67°C, ал АҚ буыны 20% болғанда 94,58°C болатыны анықталды. Бұл сополимер құрамында АҚ-ның БМҚ-да пайыздық мөлшері артқан сайын алынған сополимер құрамы онымен байытылғанына дәлел болады.

Стимулсезімтал полимерлердің биомедицинада ауқымды колданыс тапқандығы белгілі [6-9]. Әсіресе, дәрілік заттарды қажетті орнына жеткізуде кеңінен пайдаланылады. Бұл полимерлердің орта әсеріне сезімталдығымен түсіндіріледі. Осыған орай алынған СПЛ-дің дәрілік заттен (ДЗ), яғни гентамицин сульфатымен комплекстүзу үрдісі турбидиметриялық саралтау арқылы зерттелді. СПЛ құрамында АҚ мөлшері 30% болғанда комплекске түсү қабілеті жоғарырақ болады және ДЗ-мен комплекстүзу үрдісі де органдың pH-на тәуелді болып келеді. Негіздік оргада СПЛ мен ДЗ арасында анион мен катионның өзара әрекеттесуі арқылы полизлектролиттік комплекс (ПЭК) түзілсе, ал бейтарап оргада АҚ-ның құрлымындағы карбоксил тобының

иондануы бәсендейді де, гидрофобты әрекеттесу және сұтектік байланыс есебінен интерполимерлі комплекс (ИПК) түзіледі.


Комплекске түсken дәрілік заттың каншалыкты полимер құрамына енүі мен одан шығуын анықтау мақсатында, концентрациялары бірдей сополимердің сулы ерітіндісіне дәрілік заттың ерітіндісін араластырып, бетке құю әдісі арқылы үлдір алтынды. Алынған үлдірді тігіу максатында, 1 және 5 сағ бойы 90°C температурда көптіргіш шкафта ұсталды. Тігілген үлдірден D3-ның босап шығуы ортанды pH-ына, үлдірдің тігілу уақытына және СПЛ құрамына тәуелді екені аныкталды. Қышқылдық ортада D3-ның босап шығуы аз жылдамдықпен жүретіні аныкталды. Бастапқы мономерлік қоспаның катынасы 35-35-30 болғанда, яғни АҚ мөлшері 30 % тең болғанда гентамициннің 1 сағат уақыт тігілген үлдірge карағанда ұзагырақ уақыт тігілген үлдірден тез босап шығатыны анықталды және оның себебі сополимер құрамындағы карбоксил топтардың жартылай иондануының салдарынан сұтектік байланыс арқылы байланысан комплекстердің бұзылуына ақелуден деп тұжырымдалады.

Сонымен катар алынған [СПЛ]/[гентамицин] комплексіндегі дәрілік заттың босап шығуы ортанды pH-на тікелей байланысты екені бакыланды (2-суреттер). Қышқылдық ортада карағанда негіздік ортада тігілген үлдірден D3-ң босап шығуы ондағы карбоксил тобының толық ионданып, полизлектролиттік эффект көрсете конформациясының жайылуымен және комплекстің толық ыдырауымен түсіндіріледі.



2-сурет – [СПЛ]/[гентамицин] композитінен дәрілік заттың десорбциясы.
БМК[НИПААМ-ГЭА-АҚ] = 35-35-30 (а); 45-45-10 (ә) мол.%; [СПЛ]/[ДЗ] = 1:1;
тігілу ұзактығы = 5 сағ; pH = 1.68 (1); 12.45 (2)

Сканерлеуші электронды микроскопиялық (СЭМ) әдіспен алынған сополимерлердің морфологиясы, яғни үйлесімділігі зерттелді. 3-суретте полимердің беткі қабатының микросуреті (морфологиясы) көрсетілген. Бұл 20 μm өлшемінде берілген. Бастапқы мономерлік қоспада АҚ мономерлерінің мольдік көлемі 10%-дагы сополимердің беткі қабатындағы саңылаулардың болуы, олардың суда жаксы еру бейімділігін көрсетеді. АҚ-ның бастапқы мономерлік қоспадағы мөлшері 20-30% болғанда, АҚ мольдік мөлшерінің артуымен сополимердің аргы реттілікті сактайтын, кристалды құрылымының түзілуінен морфологиялық беткі қабатының тегістелуімен түсіндіріледі (3-сурет, а, ә, б).



3-сурет – НИПААМ-ГЭА-АҚ сополимерінің сканерлеуші электронды
микроскопиялық талдауы.
БМК[НИПААМ-ГЭА-АҚ] = 45-45-10 (а); 40-40-20 (б); 35-35-30 (б) мол.%

Сонымен, алғынған НИПААМ-ГЭА-АҚ негізіндегі сыйкыты сополимерлеріне ТКЕТ тән екендігі дәлелденді және олар үшін бұлдыңғырлану температурасының мәні ерітіндідегі сополимерлердің бастапқы мономерлік құрамы мен олардың концентрациясына тәуелді екені аныкталды.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Ballauff M. and Lu, Y. ‘Smart’ nanoparticles: Preparation, characterization and applications // Polymer. – 2007. – V. 48. – P. 1815–1823.
- 2 Jeong, Gutowska A. Lessons from nature: Stimuli-responsive polymers and their biomedical applications // TRENDS in Biotechnology. – 2002. – V.20, N77. – P. 301-311.
- 3 Dai, S., Ravi, P. and Tam, K. C. pH-Responsive polymers: Synthesis, properties and applications // Soft Matter. –2008. –V. 4. –P. 435–449.

- 4 Prior-cabanillas A., Quijada-Garrido I., Frutos G. and Barrales-Rienda J.M. Influence of the swelling history on the swelling kinetics of stimuli-responsive poly [N-isopropylacryamide)-co-(methacrylic acid)] hydrogels // Polymer. – 2005. – V. 46. – P. 685-693.
- 5 Филиппова О.Е. «Восприимчивые» полимерные гели // Высокомолек. соед. Серия С. – 2005. – Т. 42, № 12. – С. 2328-2352.
- 6 Nakan U., Rahmetullaeva R.K., Mun G.A., Shaihutdinov E.M., Yeligbaeva G. Zh. and El-Sayed Moussa. Negim Linear Copolymer of N-isopropylacrylamide and 2-hydroxyethylacrylate: Synthesis, Characterization and Monomer Reactivity Ratios // Oriental journal of chemistry. – 2016. – Vol. 32, N. 5. - P. 2347-2354.
- 7 Абилов Ж., Бейсебеков М.К., Нурибаев А.К., Жумагалиева Ш.Н., Иминова Р.С. Полиакриламида және полигидроксиэтилакрилат сазды гельдеріне ауыр металл иондарын сорбциялау // ҚазҰУ хабаршысы. – 2012. – Т. 65, №1. – Б. 224 – 228.
- 8 Pasparakis G., Cockayne A., Alexander C. Control of bacterial aggregation by thermoresponsive glycopolymers // J. Am. Chem. Soc. - 2007. - Vol.129, N36. - P. 11014–11015.
- 9 Якиева М.А., Рахметуллаева Р.К., Тоқтабаева А.К., Мун Г.А. Бүтилакрилат негізіндегі жаңа стимулсезімтал сополимерлердің касиеттерін заманауи әдістермен зерттеу // ҚазҰУ хабаршысы. – 2013. – №1(69). – Б. 77-83.